

Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 3/34 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6458-09 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3 бабының 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Шет аудандық мәслихатының төрағасы

С. Социал